


MFL69359813_03

EAC

www.lg.com

Copyright © 2022 LG Electronics Inc. Барлық құқықтар қорғалған.

МАЗМҰНЫ

3 КІРІСПЕ

4 МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

- 5 Орнату
- 5 Бала және адам қауіпсіздігі
- 6 Пайдалану барысында
- 8 Тазалау және қызмет көрсету
- 8 Қоршаған орта туралы ақпарат

9 ӨНІМГЕ ШОЛУ

- 9 Өнімге шолу
- 9 Керек-жарақтар

10 ПАЙДАЛАНУ

- 10 Құрылғыны пайдалану әдісі
- 10 Қауіпсіздік және қуатты сақтау бойынша кеңес

12 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

14 ТЕХНИКАЛЫҚ НҰСҚАУЛАР

- 14 Пайдалану нұсқаулары

15 ОРНАТУ

- 15 Орналастыру
- 15 Құрылғыны орнату
- 16 Газ қосылымы
 - 17 Құрылғыдағы газ қосылымы
 - 17 Иілгіш шланг
- 19 Газ сипаттамасы
- 20 Электр қосылымы
- 20 Газды реттеу

21 АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

23 ӨНІМНІҢ АНЫҚТАМА ПАРАҒЫ

КІРІСПЕ

Біздің газ плитамызды таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Бұл құрылғыны дұрыс пайдалану және кез-келген ықтимал қауіптің алдын алу үшін, құрылғыны пайдалану алдында осы нұсқаулықтарды оқыңыз.

Бұл нұсқаулықтарды оңай табуға болатын орында сақтаңыз.

Егер бұл нұсқаулықтарда қамтылған кез-келген ақпарат бойынша күмәніңіз болса, тұтынушыға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.

Өндіруші құрылғыны қате орнату немесе пайдалану себебіне байланысты тұлғалардың немесе мүліктің зақымдалуы үшін жауапты болмайды.

Құрылғыда белгіленген елдерден басқа елде пайдалану мақсатында құрылғы қуәландырылмаған.

Өндіруші өнімдердің негізгі қызметтері мен қауіпсіздік функцияларына ешқандай зақым келтірмей, сондай-ақ пайдаланушы мүддесі үшін, өнімдерге қажетті немесе пайдалы деп саналатын кез келген өңдеулерді енгізу құқығына ие болады.

Құрылғы тұрмыстық ортада пайдалануға арналған және комерциялық мақсат үшін арналмаған.

Бұл нұсқаулар құрылғыда елдің белгісі көрсетілген жағдайда ғана жарамды. Егер құрылғыда белгі көрсетілмесе, онда құрылғыны елдегі пайдалану шарттарына өзгертуге қатысты нұсқаулар берілген техникалық нұсқаулыққа жүгіну қажет.

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

- Құрылғыны орнату немесе пайдалану алдында осы пайдалану нұсқаулығын міндетті түрде оқыңыз.
- Осы нұсқау кітапшасы болашақта пайдалану үшін құрылғымен бірге сақталуы керек. Егер құрылғы басқа тұлғаға сатылса немесе берілсе, кітапша да жаңа пайдаланушыға берілуі керек.
- Өндіруші осы қауіпсіздік шараларының сақталмауына жауапты емес.
- Келесі белгілер қате пайдаланудан болатын қандай да бір қайғылы оқиғаны алдын ала болдырмау және құрылғыны ыңғайлырақ пайдалану үшін, оларды оңай түсінуге болатындай етіп жасалған.
- Келесі мазмұндарды толық оқып шығып, оларды түсініп алыңыз.

Өрт, электр тогының соғуы, жарақат алу немесе зақымдану қаупін болдырмау үшін плита пайдаланған кезде барлық нұсқауларды оқып, орындаңыз. Бұл нұсқаулық пайда болуы мүмкін барлық ықтимал жағдайларды қамтымайды. Сіз түсінбейтін мәселелер бойынша міндетті түрде қызмет көрсету агентіне немесе өндірушіге хабарласыңыз.

Пайдаланушы нұсқаулығын мына сайттан жүктеңіз: <http://www.lg.com>



Бұл қауіпсіздік дабылының белгісі. Бұл белгі мүліктің зақымдалуына және/немесе ауыр дене жарақатына не өлімге әкелуі мүмкін ықтимал қатерлер туралы ескертеді. Қауіпсіздік бойынша барлық хабарлар қауіпсіздік туралы ескерту белгісінен немесе АБАЙЛАҢЫЗ немесе САҚ БОЛЫҢЫЗ сөзінен кейін пайда болады. Бұл сөздер мынаны білдіреді:



АБАЙЛАҢЫЗ - Алдын алмаған жағдайда өлімге немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін қатерлі жағдайды білдіреді.



САҚ БОЛЫҢЫЗ - Алдын алмаған жағдайда жеңіл немесе орташа жарақатқа әкелуі мүмкін қатерлі жағдайды білдіреді.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Қауіпсіздігіңіз үшін өрт, электр тогының соғу қаупін барынша азайту немесе мүлікке зақым келуінің, дене жарақатын алудың не өлім жағдайларының алдын алу мақсатында осы нұсқаулықтағы ақпарат қадағалануы керек.

Орнату

АБАЙЛАҢЫЗ

- Бұл құрылғы қолданыстағы ережелерге сәйкес орнатылуы және тек жақсы желдетілетін кеңістікте пайдаланылуы тиіс.
- Орнатуға дейін газ және электр қуаты зауыттық сипаттамасы берілген тақтада көрсетілген түрімен сәйкес келетінін тексеріңіз.
- Бұл құрылғы теңіз кемесінде немесе автофургондарда орнатылса да, оны кеңістікті жылытқыш ретінде пайдаланбау керек.
- Газ құбыры және электр кабелі кез келген бөлшектермен немесе құрылғымен жанаспайтын жолмен орнатылуы керек.

САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Бұл құрылғы білікті маман немесе орнатушы тарапынан орнатылуы керек.
- Бұл құрылғыны негізгі электр қуатына тек арнайы лицензиясы бар электр маманы қосуы тиіс.
- Құрылғыны тиімді және қауіпсіз техникалық жөндеу үшін, тек түпнегізгі қосымша бөлшектерді пайдалануды және қажет болған жағдайда тек өкілетті қызмет көрсетуші агенттеріне қоңырау шалуды ұсынамыз.
- Бұл құрылғыны реттеу талаптары белгіде немесе деректер берілген тақтада сипатталады.
- Құрылғыны пайдалану алдында барлық орамдарды алып тастаңыз.
- Құрылғы орамын ашқан соң, өнімнің зақымдалмағанын әрі қосылым сымы дұрыс күйде болуын тексеріңіз. Кері жағдайда, құрылғыны орнату алдында дилерге хабарласыңыз.
- Орнатуда барысында пайдаланылған реттеу фурнитурасы мен барлық материалдар ол орналасқан бөлменің орта температурасынан жоғары болатын, пайдаланылғанға дейін, минималды температурасы 85°C градусқа шыдайтындай болуы керек.
- Құрылғыңызды атмосфера әсерлерінен қорғаңыз. Оны күннің, қардың, т.б. әсер етуінен қорғаңыз.
- Газ пісіру құрылғысын пайдалану нәтижесінде жылудың пайда болуына және ол орналасқан бөлмеде ылғалдың пайда болуына әкеледі. Асүй жақсы желдетілуі керек: табиғи желдеткіш саңылауларын ашық ұстаңыз немесе механикалық желдеткіш құрылғысын орнатыңыз (механикалық асүй сормағы).
- Құрылғыны ұзақ мақсатта пайдалану қосымша желдетуді қажет етуі мүмкін, мысалы: терезені ашу немесе тиімді желдету, бұрыннан бар механикалық желдеткіш деңгейін ұлғайту.

Бала және адам қауіпсіздігі

АБАЙЛАҢЫЗ

Балалардың құрылғы жанында ойнауына рұқсат бермеңіз. Құрылғыны пайдаланған кезде ол қызады. Ол суығанша балалар аулақ болуы керек.

САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Бұл құрылғыны ересектердің қолдануы үшін арналған.
- Балалар қазандар немесе табалар сияқты құрылғыны тарту арқылы өздерін жарақаттауы мүмкін.
- Бұл құрылғы құрылғыны қауіпсіз пайдалануды болдырмайтын, құрылғыны қауіпсіз пайдалану үшін сенімді бақылаудан тыс немесе жауапты тұлғамен нұсқаулар берілмеген, физикалық, сезгіштік немесе ойлау қабілеті немесе тәжірибесі мен білімі аз балалардың немесе басқа тұлғалардың пайдалануы үшін арналмаған.
- Гриль жұмыс істеп тұрғанда қол жететін бөліктер ыстық болуы мүмкін. Кішкентай балаларды аулақ ұстау керек.
- Қолжетімді бөлшектері пайдалану барысында қызуы мүмкін. Кішкентай балаларды аулақ ұстау керек.

Пайдалану барысында

АБАЙЛАҢЫЗ

- Құрылғыны тек тамақты дайындау үшін пайдаланыңыз.
 - Бұл құрылғыны өңдемеңіз. Конфорка панелі сыртқы таймер немесе бөлек қашықтан басқару жүйесі көмегімен қолдану үшін арналмаған.
 - Газ пісіру құрылғысын пайдалану нәтижесінде жылудың пайда болуына және ол орналасқан бөлмеде ылғалдың пайда болуына әкеледі. Асүй жақсы желдетілуі керек: табиғи желдеткіш саңылауларын ашық ұстаңыз немесе механикалық желдеткіш құрылғысын орнатыңыз (механикалық асүй сормағы).
 - Егер осы құрылғы сумен жанасатын болса оны пайдаланбаңыз. Бұл құрылғыны ылғал қолдарыңызбен қолданбаңыз.
 - Құрылғының қыздыру және пісіру беттері оларды пайдаланған кезде қызып кетуі мүмкін, барлық қажетті алдын ала сақтық шараларын қолданыңыз.
 - Үлкен маталарды, шай орамалдарды немесе соған ұқсас заттарды пайдаланбаңыз, себебі жиектері жалынға тиіп, өрт шығады.
 - Пісіру барысында құрылғыны бақылаусыз қалдырмаңыз.
 - Тұрақты емес немесе деформацияланған табаларды құрылғыда пайдалануға болмайды, себебі олар құлап кетуі немесе сұйықтық ағып кетуі мүмкін.
 - Бұл құрылғыға жақын сақтау тартпасында жанғыш материалдарды пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз.
 - Тез бұзылатын тағамға, пластик құралдарға және аэрозольдарға жылу әсер етуі мүмкін және құрылғы үстінде немесе астында сақталмауы керек.
 - Қолдану барысында аэрозольдарды осы құрылғының айналасына шашпаңыз.
 - Пайдаланбаған кезде басқару тетіктері «● (ӨШІРУ)» күйде болуын тексеріңіз.
 - Егер газдың иісін сезсеңіз, келесі нұсқауларды орындаңыз.
 - Шамды қоспаңыз.
 - Электр құрылғысын қоспаңыз/өшірмеңіз және ешбір электр ашасын ұстамаңыз.
 - Телефонды пайдаланбаңыз.
1. Өнімді пайдалануды тоқтатып, ортаңғы клапанды жабыңыз.
 2. Желдету үшін терезені ашыңыз.
 3. Сырттағы телефон арқылы біздің қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- * Отын-газда меркаптан болады, сондықтан ауада тек газдың 1/1000 мөлшері болса да газдың шыққан иісін сезе аласыз (шіріген сарымсақ немесе жұмыртқа иісі).

САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Бұл құрылғы тек тұрмыстық жағдайда пісіру үшін арналған. Коммерциялық немесе өндірістік мақсаттарға арналмаған.
- Құрылғыны ұзақ мақсатта пайдалану қосымша желдетуді қажет етуі мүмкін, мысалы: терезені ашу немесе бұрыннан бар механикалық желдеткіш деңгейін ұлғайту.
- Қызуға шыдамды қазан ұстағыштарын ыстық қазандар мен табаларды ұстаған кезде пайдаланбаңыз.
- Асүй ыдысын көтерген кезде, қазан ұстағыштарды ашық жалынға жақындатпаңыз.
- Қазан ұстағыштардың немесе қолғаптардың сулануына немесе ылғалдануына жол бермеңіз, себебі бұл материал арқылы жылдам өтіп өзіңізді күйдіруге әкеледі.
- Конфоркаларға қазандар мен табаларды орнатқан соң ғана оларды пайдаланыңыз. Кез келген бос қазандарды немесе табаларды қыздырмаңыз.
- Құрылғыда пластик немесе алюминий жұқалтырлы ыдыстарды пайдалануға болмайды.
- Басқа электр құрылғыларын пайдаланған кезде, кабельдің пісіру құрылғыларындағы құрылғы беттерімен жанасуына жол бермеңіз.
- Егер құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, оны ажыратыңыз. Негізгі басқару элементін өшірулі күйде ұстаңыз. Сонымен қатар құрылғыны пайдаланбаған кезде, газ клапанын өшіріп қойыңыз.
- Жасанды орган иесінің жағдайында, жоғары кернеу тұтандыру арқылы ұшқынмен шығарылуы мүмкін. Денедің ақау мәселесі болған кезде, дәрігеріңізбен кеңесіңіз.
- Ормаларды, ыдыс ормалдарын немесе шүберектерді құрылғыға ілменіңіз.
- Шай ормалады немесе ұқсас материалдарды қазан ұстағыш орнына пайдаланбаңыз. Сондай шүберектерге қызып тұрған конфоркадан өрт өтуі мүмкін.
- Шыны ыдысты пайдаланған кезде, оның жоғарғы пісіру плитасы үшін арналғанын тексеріңіз. Егер беті сынғыш шыныдан жасалған болса, электр тоғымен әсер етпеуі үшін құрылғыны өшіріңіз.
- Жану, жанғыш материалдарды тұтандыру және төге мүмкіндігін азайту үшін, асүй ыдысының тетіктерін бүйіріне қарай немесе үстіңгі плитаның ортасына қарай, реттелген конфоркалардың бойымен ұзартпастан, бұрыңыз.
- Асүй ыдысын алу алдында мідетті түрде конфорка басқару элементтерін өшіріңіз.
- Қатты отта қуырылатын тағамдарды мұқият бақылаңыз.
- Майды міндетті түрде баяу қыздырып, ол қызып жатқанда бақылап тұрыңыз.
- Қуыруға арналған тағамдар мүмкіндігінше құрғақ болуы керек. Қатқан тағамдардағы мұз немесе балғын тағамдардағы ылғал майда көпіршіктердің пайда болуына әкеліп, қазанның жиектеріне шашырауы мүмкін.
- Ыстық майы бар қазанды жылжытуға әрекеттенбеңіз, әсіресе қуырма ыдысты. Май толық салқындауын күтіңіз.
- Конфоркадағы жалын кенеттен өшіп қалатын болса, конфорканы басқаратын элементті өшіріп, конфорканы кемінде бір минут тұтатпай тұра тұрыңыз.
- Бұл құрылғы тек тамақ пісіруге арналған. Оны басқа мақсаттарда, мысалы, бөлмені жылыту үшін қолдануға болмайды.
- Плитаның әйнегі сынған жағдайда:
 - конфоркалар мен электрлік қыздыру элементтерінің барлығын дереу өшіріп, құрылғыны электр қуатынан оқшаулаңыз
 - құрылғының бетіне тимеңіз
 - құрылғыны пайдаланбаңыз
- Егер қуат сымы бүлінген болса, қауіп тудырмау үшін оны өндірушіге, оның қызмет көрсету агентіне немесе біліктілігі сол дәрежедегі қызметкерлерге ауыстырту қажет.

Тазалау және қызмет көрсету

АБАЙЛАҢЫЗ

- Сілтілі, қатты тазалау құралдарын пайдалануға болмайды.
- Бұл құрылғы өкілетті Қызмет көрсетуші инженер тарапынан жөнделуі немесе қызмет көрсетілуі керек және тек түпнұсқалық расталған қосымша бөлшектер пайдаланылуы керек.

САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Құрылғыны тазалауға әрекеттену алдында, оны негізгі және салқындатылған көздерден ажыратылуы керек.
- Бу шашыратқышты немесе кез келген жоғары қысымды тазалау жабдығын құрылғыны тазалау үшін пайдаланбаған жөн.

Қоршаған орта туралы ақпарат

- Орнатқан соң, қаптаманы қауіпсіздік және қорғашан ортаға байланысты жойыңыз.
- Көне құрылғыны жойған кезде, оны кабельді кесу арқылы жарамсыз етіңіз.



Ескіқұрылғыны қоқысқа тастау

- 1 Бұл осы үстісызылған шелек таңбасы қоқыс электр және электрондықөнімдер (WEEE) қалалыққоқыс жүйесінен бөлек жойылуы керектігін білдіреді.
- 2 Ескіэлектр құрылғыларында зиянды заттар болады, сондықтан ескіқұрылғыны тиістітүрде қоқысқа тастау қоршаған орта мен адам денсаулығына тиюі мүмкін керіәсерлердің алуға көмектеседі. Ескіқұрылғыңызда басқа өнімдердіжәне шектеуліресурстарды сақтау қайта өңделетін маңызды материалдарды жөндеу үшін қолданылатын қайта қолданбалы бөлшектер болуы мүмкін.
- 3 Құрылғыңызды өнімдісатып алған дүкенге апаруға немесе жақын жердегіөкілеттіWEEE жинау нүктесітуралы мәліметтер үшін жергіліктібасқару мекемесіне хабарласуға болады. Еліңіз үшін еңсоңғы ақпаратты алу үшін www.lg.com/global/recycling веб-сайтын қараңыз.


ӨНІМГЕ ШОЛУ

Өнімге шолу


КАЗАК

		
Газ плита үлгілері	HU641BAG2	HU641DAG2
Табаға қолдау көрсету	Шойын	
Вок табаға қолдау көрсету	Жоқ	
Үстіңгі плита	Тот баспайтын болат	
Өнім өлшемі (Ені * Тереңдігі * Биіктігі)	594 мм x 514 мм x 90 мм	
Тұтынадырғыш құрылғы	Үздіксіз тұтандыру түрі	
Газ қосылымы	G1/2 кертiгі	
Электр тогы	220–240 В АТ, 50 Гц / 60 Гц, 2,0 Вт	
Конфорка функциясы	Жылдам (1), Жартылай жылдам (2), Қосымша (1)	«Үш тәж» (1), Жартылай жылдам (2), Қосымша (1)
ΣQn	7.5 кВт	8.1 кВт

Керек-жарақтар



Тіреуіш (4)



Губка (4)



Бұранда (4)



Пайдалану нұсқаулығы
(1)



Кепілдік картасы
(1)



ТГ үшін инжектор, G20 20 мбар
(табиғи газ)
Тек Украина үшін
(4)



СКГ арналған ниппель
(сұйылтылған көмірсутекті газ)
(4)



Газ құбырының иілуі
(1, 1)



Төсеме (2)

ПАЙДАЛАНУ


Құрылғыны пайдалану әдісі

Келесі белгілер басқару панелінде, әр басқару тетігінің қасында пайда болады:

● Қара шеңбер: газды өшіру

┌ Үлкен жалын: максималды параметрі


└ Кіші жалын: минималды параметрі



- Минималды параметрі басқару тетігінің сағат тіліне қарсы бағытпен айналдыру аяқталған орнатылады.
- Барлық операция орындары максималды және минималды орналасуы арасында таңдалуы керек.
- Басқару панеліндегі белгі, басқару тетігінің қасындағы, қай конфорканың жұмыс істеп тұрғанын білдіреді.

Жалынды қорғауыш құрылғысы бар автоматтандырылған тұтану

Құрылғы әр конфоркада жалынды қорғауыш құрылғысымен бекітілген, конфорка басынан жалын шыққан жағдайда газ ағынын тоқтату үшін жасалған.



Конфорканы тұтандыру үшін

- Жағу қажет конфорканың басқару тетігін басып, оны максималды орынға сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
- Егер басқару тетігін босатқан күйде ұстасаңыз, конфорканың автоматтандырылған тұтану функциясы қосылады.
- Конфоркадағы жалын жанған соң, басқару тетігін 15 секунд төмен басып тұрыңыз. Егер конфорка 15 секундтан соң жанбаса, құрылғыны қолдануды тоқтатып, бөлік есігін ашығыз және/немесе конфорканы әрі қарай тұтандыруға әрекеттену алдында кемінде 1 мин күтіңіз.

- Осы 15 секундтың интервалдан соң, жалынды басқару үшін басқару тетігін жалын қажетті деңгейге жеткенше сағат тіліне қарсы бағытта бұрауды жалғастырыңыз. Операция орындары максималды және минималды орналасуы арасында болуы ТИИС.
- Конфорканы өшіру үшін, басқару тетігін газды өшіру күйне сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
- Қуат істен шыққан жағдайда, конфоркаларды сіріңкемен абайлап жағыңыз.

Қауіпсіздік және қуатты сақтау бойынша кеңес

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ














- Абай болыңыз! Көлемі үлкен қазанды пайдаланған кезде, өнім айналасы мен беті қатты қызып кетуі мүмкін. Төменде сипатталған қазанды пайдаланыңыз.

Қазан астының өлшемі сол конфоркаға сәйкес қатысты болуы керек.

КОНФОРКАЛАР	ТАБАЛАР	
	мин.	макс.
Үш төж	200 мм	240 мм
Жылдам	200 мм	240 мм
Жартылай жылдам	120 мм	160 мм
Қосымша	120 мм	160 мм

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Конфорка жиегінен шығатын асүй ыдысын пайдаланбаңыз.

Қате		Дұрыс	
	Кіші өлшемді асүй ыдыстарын үлкен конфоркаларда пайдаланбаңыз. Жалын асүй ыдыстарының жиегінен шықпауы тиіс.	Газды шығындауды және асүй ыдысының түссізденуін болдырмау үшін, әр конфоркаға арналған міндетті түрде ыңғайлы асүй ыдысын пайдаланыңыз.	
	Қақпақсыз немесе жартылай қақпақпен жабылған күйде пісіруден аулақ болыңыз • себебі бұл энергияны шығындайды.	Асүй ыдысына қақпақты қойыңыз.	
	Дөңес немесе үлкен өлшемді толық ойыс (асты дөңгелек) табаны пайдаланбаңыз.	Асты қалың, жалпақ қазандарды, кішкене қазандарды және қуыратын тұтқалы табаларды ғана пайдаланыңыз.	
	Асүй ыдыстарын конфорканың бір жағына қоймаңыз, себебі олар аударылып кетуі мүмкін.	Міндетті түрде асүй ыдысын бір жағына емес, конфоркаларға дұрыс орнатыңыз.	
	Үлкен өлшемді асүй ыдыстарын басқару элементтерінің қасындағы конфоркада пайдаланбаңыз, конфорка ортасына орнатқан кезде басқару элементтеріне жанасуы немесе оларға өте жақын болуы себебінен осы аймақтаңы температура ұлғайып, зақым келтіруі мүмкін.		
	Асүй ыдыстарын конфорканың үстіне тікелей орнатуға болмайды.	Асүй ыдысын сүйеуіш үстіне қойыңыз.	
	Қазан мен табаға қолдау көрсету аймағының арасына ешқандай затты, мыс., жалын бағындырғышты, асбест киіз төсемін қоймаңыз, себебі құрылғыны қатты зақымдауы мүмкін.		
	Артық салмақты пайдаланбаңыз және плитаны ауыр заттармен соқпаңыз.	Асүй ыдысын олар конфоркада болмаған кезде абайлап қолданыңыз.	

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Бірнеше конфоркаларда қуыратын тұтқалы табаларды, тұтқалы табаларды немесе гриль ыдыстарын бір мезетте қыздыруға болмайды, себебі температураның ұлғаюы құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Пайдаланған соң бірнеше уақытқа дейін плитаның үстін және табаға қолдау көрсету аймағын пайдалану барысында ұстамаңыз.

ЕСКЕРТУ

- Сұйықтық қайнай бастаған кезде, жалынды төмен басу нәтижесінде ол сұйықтықты баяу отта қайнатады.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Тазалау процесі құрылғы толық салқындатылған соң орындалуы керек.
- Кез келген тазалау процесін бастау алдында, құрылғыны негізгі қуат көздерінен ажыратыңыз.
- Құрылғыны күнделікті, әсіресе әр пайдаланған соң тазалаңыз.
- Қатты тазалағыш құралдар немесе өткір заттар құрылғы бетін зақымдайды; оны сумен және кішкене жуғыш сұйықтықпен тазалау керек.

Пайдаланылатын



Жұмсақ мата



Бейтарап жуғыш құрал

Пайдаланылмайтын



Нейлон щетка



Металл щетка



Тағам майы



Қышқылды/
Сілтілі жуғыш зат



Қатты



Сұйылтқыш/Бензин

Табаға қолдау көрсету, басқару тетіктері

- Қазанға қолдау көрсету функциясын ажыратыңыз.
- Бұларды және басқару тетіктерін ылғал шүберекпен, жуғыш сұйықтықпен және жылы сумен тазалаңыз. Кетіруі қиын ластанған бет үшін, алдын ала сулап қойыңыз.
- Кез келген затты таза, жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз.

Үстіңгі плита

- Плита үстін жуғыш сұйықтық қосылған жылы сумен малып әрі сығып жұмсақ шүберекпен күнде сүртіңіз.
- Тазалаған соң плита үстін толық құрғатыңыз.
- Тұзды тағамдарды немесе сұйықтықтарды плитадан коррозия қатерін болдырмау үшін мүмкіндігінше жылдам толық кетіріңіз.
- Құрылғының тот баспайтын болаттан жасалған бөліктері уақыт өте түссізденуі мүмкін. Бұл жоғары температураға байланысты қалыпты жағдай. Құрылғыны пайдаланған сайын осы бөліктерді тот баспайтын болат үшін тиімді өніммен тазалау керек.
- Плита толық салқындағанын тексеріңіз. Әрі қосалқы жабдықтарды алып тастаңыз (табаға қолдау көрсету, конфорка басы және қақпағы). Егер ол ластанса, жылы ылғалды төсеммен және тек тот баспайтын болатқа арналған жуғыш ерітіндімен тазалаңыз. Содан кейін жұмсақ матамен құрғатыңыз. Тазалауды аяқтаған соң, кері ретпен жинаңыз.
- Сірке суын, кофені, сүтті, тұзды, суды, лимон немесе томат шырынын тот баспайтын болаттан жасалған бөліктермен ұзақ уақыт жанасып қалуына жол бермеңіз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Абай болыңыз. Су ыстық болуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ


- Қатты ұнтақтарды немесе қатты тазалау материалын пайдалану сызат түсіреді.
- Абай болыңыз, артық күшпен тазалау сызат түсіреді.
- Абай болыңыз, конфоркаға су енбесін.
- Плита үсті (тот баспайтын болаттан жасалған) пайдаланылған соң дереу тазалануы керек, ол ластанған кезде толық тазаланбауы мүмкін.

Конфоркалар

- Конфорка қақпақтары мен конфорка бастарын жоғары қаратып тарту арқылы плита үстінен алып тастаңыз.
- Оларды ыстық суға және аздап жуғыш ерітіндіге немесе жуғыш сұйықтыққа батырыңыз.
- Оларды тазалаған соң және жуған соң, толық сүртіңіз және құрғатыңыз. Жалын саңылаулары таза және толық құрағытылғанын тексеріңіз.
- Конфорка қақпағының бекітілген бөлшектерін ылғал шүберекпен сүртіп, артынан құрғатыңыз.
- Тұтандыру құрылғысы мен жалынды бақылау құрылғысын жақсы ылғалданып сығылған шүберекпен абайлап сүртіп, таза шүберекпен құрғатып сүртіңіз.
- Конфоркаларды плита үстіне кері орнату алдында, саптаудың блокталмағанын тексеріңіз.

Қосымша, жартылай жылдам, жылдам және «Үш тәж» конфоркаларды келесі бойынша қайта жинаңыз:

- 1 Конфорка басын (4) конфорка қақпағына (5) тұтандыру құрылғысы (6) және жалынды бақылау құрылғысы (7) өздерінің сәйкес саңылаулары арқылы конфорка басына енетіндей орналастырыңыз. Конфорка басы орнын сәйкесінше тық етіп кіруі тиіс.
- 2 Конфорка қақпағын (1, 2, 3) конфорка басына (4) қалған істіктері өздерінің сәйкес ойықтарына бекітілетіндей орналастырыңыз.



⚠️ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Бөлшектерді тазалаған соң дұрыс орналастырыңыз.
 - Үсті мен астын араластырып алмаңыз.
 - Істіктерді орналастыру ойықтарға нақты бекітіліуі тиіс.

ТЕХНИКАЛЫҚ НҰСҚАУЛАР

Пайдалану нұсқаулары

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Бұл құрылғыны өңдемеңіз.
- Бұл құрылғы өкілетті маман немесе орнатушы тарапынан орнатылуы керек.
- Орнатуға дейін, жергілікті тарату талаптары (газ табиғаты және газ қысымы) және құрылғы реттеулері сәйкес келетінін тексеріңіз.
- Бұл құрылғыны реттеу талаптары белгіде (немесе деректер берілген тақтада) сипатталады.
- Бұл құрылғы жанғыш өнімдерді эвакуациялау құрылғысына қосылмаған. Оны ағымдағы орнату ережелеріне сәйкес орнату және қосу керек. Желдетуге қатысты сәйкес талаптарға арнайы назар аудару керек.
- Құрылғы 15 секундтан артық жұмыс істемеуі керек. Егер конфорка 15 секундтан соң жанбаса, құрылғыны қолдануды тоқтатып, бөлік есігін ашыңыз және/немесе конфорканы тұтандырмаз бұрын кемінде 1 мин күтіңіз.
- Орнату алдында құрылғыдағы газды және электр қуатын өшіріңіз.
- Кез келген электр компоненттерін қамтитын барлық құрылғылар жерге тұйықталуы керек.
- Газ құбыры және электр кабелі қызатын кез келген бөлшектермен немесе құрылғымен жанаспайтын жолмен орнатылуы керек.
- Газ құбыры немесе коннектор бүгілмеуі немесе кез келген басқа құрылғылармен блокталмауы керек.
- Құрылғы өлшемін, сонымен бірге асүй құрылғысында кесілетін саңылау өлшемін тексеріңіз.
- Құрылғы жанында тікелей, жұмыс бетінің үстінде орналасқан панельдер жанбайтын материалдан жасалуы керек. Бекіту үшін пайдаланылатын қабатталған беті және желім тозудың алдын алу үшін, қызуға шыдамды болуы керек.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Құрылғы кранын қосып, әр конфорканы жағыңыз.
Сары ұшқынсыз, анық көк жалын бар екенін тексеріңіз.
Егер конфоркаларда қандай да бір ақау байқалса, келесіні тексеріңіз:
 - Конфорка қақпағы дұрыс орналастырылған
 - Конфорка басы дұрыс орналастырылған
 - Инжекторлы ниппельмен тігінен тураланған конфорка
- Орнатылған соң, толық қолданылатын сынақ және ықтимал ағу сынағы бекітуші тарапынан орындалуы керек.
- Иілгіш шланг корпус құралының жылжытылатын бөлігімен жанаспайтын жолмен бекітіліп, толып кету сипаты бар кез келген кеңістік арқылы өтпеуі керек.
- Плитаның барлық қызметтік талаптарына сәйкес келуі үшін, зауытта өндірілген крандарды майлаңыз.


ОРНАТУ

Орналастыру

Бұл құрылғы рұқсат берілген келесі минималды арақашықтықтарды қамтамасыз ететін, асүй құралына немесе 600 мм жұмыс бетіне орнатылады;


- Плита жиектері бүйірінен немесе артқы қабырғадан кемінде 60 мм қашықтықта болуы керек.
- Плита бетінің ең жоғарғы нүктесі (конфоркаларды қосқанда) мен соның тікелей үстіндегі көлденең беттің астыңғы жағы арасы 700 мм.
- Плитаның сыртқы жиегімен сызық бойындағы көлденең беттің ішкі жағын беретін, плита беттері арасында 400 мм. Егер көлденең беттің астыңғы жағы 400 мм кіші болса, онда ол кемінде 50 мм плитаның сыртқы жиектерінен алшақ болуы керек.
- Плита беті мен кез келген жанғыш материалдардың арасы және қолдану айналасындағы қашықтық 50 мм.
- Егер беті қысқа болса, қызуға берік плитаны оңға, солға және кері орнатыңыз.
- Арасы кемінде 25 мм және құрылғының астыңғы жағы мен оның астындағы кез келген беттің арасы ең үлкен дегенде 74 мм болуы керек.

Ас үй жиһазына кіріктіру қажет.
Төменде көрсетілгендей.
ПЛИТАНЫ ЖОҒАРЫДАҒЫ АСҮЙ СОРМАҒЫМЕН
БЕКІТКЕН КЕЗДЕ ҚАЖЕТТІ АРАЛЫҚТАР



HU641BAG2 / HU641DAG2

- Егер пеш қолданылатын болса, оның үстіне плитаны орнату үшін күшті желдеткіші болуы керек.
- Пеш өлшемдерін пайдалану нұсқаулығында тексеріңіз.
- Өшіру өлшемі көрсеткішке ие болуы керек.



ҚАЗАҚ


Құрылғыны орнату

Губка

Губка қалыңдығы 3 мм.


Губка ені 10 мм.

Губканы асүй үстелшесінің саңылау жиегіне бекітіңіз.



⚠️ САҚ БОЛЫҢЫЗ


- Ойықтарға қарсы құрылғыны нығыздау үшін силикон нығыздауышты пайдаланбаңыз. Бұл құрылғы ойықтарын кетіру келешекте қиындық туғызады, әсіресе қызмет көрсету қажет болғанда.



⚠️ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Құрылғының ауып кетуін болдырмау үшін, тұрақтандырушы тіреуіштерді орнату керек.

- 1 Бұрандалар өлшеміне сәйкес келетін саңылаулар бойынша тіреуішті(В) қойыңыз. Плитаның(Н) әр бұрышында бұранда саңылауларының бір жиынтығы болады. Бұранданы(С) тіреуіш(В) арқылы баяу тартып бекітіңіз, нәтижесінде тіреуіш пликатаға жалғанады, бірақ орнын реттей алатындай етіп жасаңыз.
- 2 Плитаны кері абайлап бұрап, содан кейін оны өшірген саңылау тесігіне абайлап түсіріңіз.
- 3 Плитаның астыңғы жағында тіреуіштерді жұмыс бетіне ыңғайлы болатын орынға реттеңіз. Содан кейін бұрандаларды(С) плитаны орнына бекіту үшін толық тартып бұраңыз.



Газ қосылымы

ЕСКЕРТУ

- Бұл құрылғы пайдаланылатын елдегі қолданыстағы орнату ережелеріне сәйкес орнатылуы және қосылуы керек.
- Бұл құрылғыға СКГ және табиғи газда іске қосу үшін қолдау көрсетіледі. СКГ және табиғи газда пайдалануға арналған конверсия тек білікті маман тарапынан орындалуы керек.
- Бұл заң бойынша барлық газ құрылғылары «Газ жүйесін қауіпсіз орнату және пайдалану ережелерінің» ағымдағы шығарылымына сәйкес жауапты мамандар тарапынан орындалады.
- Заңға сәйкес болуын қамтамасыз ету сіздің мүддеңізге және қауіпсіздік негізіне байланысты.
- Плитаны дұрыс орнатпау кепілдіктің жойылуына, сақтандыру төлемдерінің жойылуына және соттық қудалануға әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны қазіргі қолданыстағы ережелерге сәйкес жалғау қажет.
- Құрылғыны орнатпас бұрын, жергілікті жағдайлардың (газ және қысым түрінің) құрылғы параметрлеріне сәйкес келуін тексеріңіз. Құрылғының рұқсат етілген параметрлерін техникалық деректері бар тақтадан табуға болады.
- Газ желілері мен тығыздағыш фитингке қосылу қазіргі қолданыстағы талаптарға сай кәсіби түрде орындалуы тиіс.

Құрылғыдағы газ қосылымы


Газ қосылымы құрылғының артқы оң жағында орналасқан.

Қолданыстағы ережелерге сәйкес келетін және осы мақсатта пайдалануға мақұлданған жалғағыш желілер мен икемді шлангілерді (түтіктерді) ғана қолданыңыз.


Газ беруді ауыстыру және орнату нұсқаулары:

- Аналық бұрандалы иінді және тығыздағышты газ құбырының соңына бұраңыз.
- Шынтақты кілтпен ұстап тұрып, газды қосатын икемді түтікті (шлангіні) шынтаққа қосыңыз.

ТГ



СКГ



Иілгіш шланг

Егер иілгіш шлангілерді қолдансаңыз, келесілерді тексеріңіз:

- шлангілер қақпанға қысылып немесе мыжылып қалмауы тиіс.
- шлангілер бұралып немесе тартылып қалмауы тиіс.
- шлангілер өткір жиектермен немесе кесіп кететін жиектермен жанаспауы керек.
- шлангілерді газ плитасының артымен немесе ыстық ауа шығатын жерлермен жүргізбеу керек.
- шлангілер бөлме температурасынан 70 °C артық ысуы мүмкін бөлшектермен жанаспауы тиіс.
- иілгіш шлангіні (түтік) корпус бөлігінің қозғалатын бөлігіне (мысалы, тартпаға) тигізбей және толып кетуі ықтимал кеңістік арқылы жүргізбей бекіту керек.
- Орнатқаннан кейін, сабын немесе сұйық жуғыш зат көбігімен газдың ақпайтынын тексеріңіз.

Шлангілердің ұзындығын толығымен тексеруге болатындығына көз жеткізіңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Газ плитасын қосу үшін пластик шлангілерді пайдаланбаңыз, себебі олардан газ шығып кетуі мүмкін. Тұрмыстық құрылғыларды қосу үшін металл иілгіш шлангілерді пайдалану ұсынылады.

Газ категориясы, газ түрі және мақсатты ел (барлық үлгілер үшін)


I ₃₊ (28-30/37)	28–30 мбар G30 бутан және 37 мбар G31 пропан	BE, CH, CY, CZ, ES, FR, GB, GR, IE, IT, LT, LU, LV, PT, SK, SI
I _{3B/P(30)}	30 мбар G30 бутан және G31 пропан	BE, CY, DK, EE, GB, HU, IT, LT, NL, NO, SE, SI, SK, RO, HR, TR, BG, IS, LU, MT, FI
I _{2H/I2E/I2E+}	20 мбар G20 метан	AT, CH, CZ, DK, ES, FI, GB, GR, IE, IS, IT, PT, SE, SI, SK, DE, LU, GE, FR
II _{2H3+}	20 мбар G20, 28–30 мбар G30 бутан және 37 мбар G31 пропан	CH, CZ, ES, GB, GR, IE, IT, PT, SI
II _{2H3B/P(30)}	20 мбар G20, 30 мбар G30 бутан және G31 пропан	CH, CZ, DK, FI, GR, SE, SI, SK
II _{2E+3+}	20/25 мбар G20/G25, 28–30 мбар G30 бутан және 37 мбар G31 пропан	BE, FR
II _{2H3B/P}	I2H: 13,20 мбар G20 метан I3B/P: 28-30 мбар G30 бутан және 37 мбар G31 пропан	CH, CZ, DK, FI, GR, SE, SI, SK, RU, KZ, BY, UA, AM, AZ, GE
II _{2H3+}	I2H: 20 мбар G20 метан I3+: 30 мбар G30 бутан және 37 мбар G31 пропан	CH, CZ, ES, GB, GR, IE, IT, PT, SI
II _{2E+3+}	I2E: 20 мбар G20 метан I3+: 30 мбар G30 бутан және 37 мбар G31 пропан	BE, FR
I _{ELS(13)}	13 мбар G20 метан	PL

Газ сипаттамасы

Үлгі №	Газ түрі және қысымы	Электр қуаты	Жылу кірісі және белгіленген дроссельді саңылау өлшемі (мм)				Жалпы жылу кірісі
			Конфорка «Үш тәж»	Жылдам конфорка	Жартылай жылдам конфорка	Қосымша конфорка	
HU641BAG2 класс : 3		220-240V~ 50/60Hz	/	3.0kW (219g/h)	1.75kW (127g/h)	1.0kW (73g/h)	7.5kW (546g/h)
	G31 37mbar		/	0.85	0.65	0.50	NA
	G30 29mbar		/	0.85	0.65	0.50	
	G20 20mbar		/	1.30	1.0	0.78	
	G20 13mbar		/	1.45	1.1	0.84	
Үлгі №	Газ түрі және қысымы	Электр қуаты	Жылу кірісі және белгіленген дроссельді саңылау өлшемі (мм)				Жалпы жылу кірісі
			Конфорка «Үш тәж»	Жылдам конфорка	Жартылай жылдам конфорка	Қосымша конфорка	
HU641DAG2 класс : 3		220-240V~ 50/60Hz	3.6kW (263g/h)	/	1.75kW (127g/h)	1.0kW (73g/h)	8.1kW (590g/h)
	G31 37mbar		0.96	/	0.65	0.50	NA
	G30 29mbar		0.96	/	0.65	0.50	
	G20 20mbar		1.41	/	1.0	0.78	
	G20 13mbar		1.60	/	1.1	0.84	

Электр қосылымы

- Бұл құрылғы жерге тұйықталуы керек.
- Бұл құрылғы 220~240 В, 50/60 Гц АТ электр қуатына қосу үшін жасалған.
- Қуат сымындағы өткізгіштер келесі кодқа сәйкес боялған :
 - Жасыл/сары = Жерге тұйықтау
 - Қара = Бейтарап
 - Қызыл = Қолданыста
- Электр сымдарын монтаждау схемасы



ЕСКЕРТУ

- Жасыл және сары түспен белгіленген сым E әрпімен немесе жерге тұйықтау таңбасымен белгіленген терминалға қосылуы керек.

Газды реттеу

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Бір газда басқасына түрленді кезінде орындалатын әрекеттер және реттеулер бойынша алдын ала сақтық шараларын орындаңыз.
- Барлық жұмыс білікті маман тарапынан орындалуы керек.
- Бастау алдында құрылғыдағы газды және электр қуатын өшіріңіз.


1. Конфоркалар саптауын өзгертіңіз.

Қазанға қолдау көрсету, конфорка қақпағы және конфорка басы функциясын жойыңыз.

Саптауды 7 мм тұқыр кілттің көмегін бұрап ашып, оны жаңа газ беру үшін берілген саптаумен ауыстырыңыз.


Барлық компоненттерді абайлап қайта жинаңыз.

Саптауларды орнатқан соң, саптауды орнында міндетті түрде тартып бекіту ұсынылады.



2. Жалынның минималды деңгейін реттеу

- ① Крандарды минимумға төмен бұраңыз.
- ② Тетікті, тығыздағыш сақинаны, панельді, пленканы алып тастап, жүзі жалпақ бұрауышты кранның сол жағына салыңыз.
- ③ Жалын биіктігі 3–4 мм жетсе дұрыс реттелгендікті білдіреді.
 - Бутан-пропан газы үшін бұранданы реттеу барысында қатты бұрауды қажет етеді.
 - Басқару тетігін қайта бекітіңіз.
 - Максималды ағыннан минималды ағынға жылдам бұраған кезде, жалын шығып кетпейтінін тексеріңіз. Егер ол басқару тетігін жоймаса, әрі қарай газ ағынына реттеулер жасайтын болса, реттеу орындалған соң оны қайта сынап көріңіз.
- ④ Осы процесті газ крандарының әр біреуіне қайталаңыз.



⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Кран тұтқасын бөлшектемеңіз: ақау пайда болған жағдайда, кранды толық өзгертіңіз.
- Конфоркаларды үстіңгі орынға кері орнату алдында, саптаудың блокталмағанын тексеріңіз.
- Толық операциялық сынақ және ағу мүмкіндігінің сынағы газ конверсиясынан соң орындалуы керек (мыс., сабын сумен немесе газ-анализаторымен).
- Конверсияны аяқтаған соң, білікті маман немесе орнатушы «V» белгісін зауыттық сипаттамасы берілген тақтадағы параметрге сәйкестендіру үшін дұрыс газ категориясына қоюы керек. Алдыңғы орнатылған «V» белгісін жойыңыз.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

- Жөндеу жұмыстары тек лицензиясы бар маман тарапынан орындалуы керек. Қате жөндеу нәтижесінде сізге және басқаларға маңызды зақымдарды келтіруі мүмкін.
- Алайда кейбір орта деңгейдегі мәселелерді келесі бойынша шешуге болады:

Белгілер	Ықтимал себептері	Шешімдер
Тұтанбайды	Ұшқын жоқ.	Электр қуатын тексеріңіз.
	Конфорка қақпағы қате орнатылған.	Қақпақты дұрыс орнатыңыз.
	Газ беру жабық.	Газ беруді толық ашыңыз.
Нашар тұтанады	Газ беру толық ашық емес.	Газ беруді толық ашыңыз.
	Конфорка қақпағы қате орнатылған.	Қақпақты дұрыс орнатыңыз.
	Тұтану ашасы бөгде заттармен ластанған.	Бөгде заттарды құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
	Конфоркалар ылғал.	Конфорка қақпақтарын абайлап құрғатыңыз.
	Жалын үлестіргішіндегі саңылаулар бітелген.	Жалын үлестіргішін тазалаңыз.
Жанғанда және тұтанғанда дыбыс шығады.	Конфорка қақпағы қате орнатылған.	Конфорка қақпағын дұрыс орнатыңыз.
Пайдаланған кезде жалын шығады.	Жалынды бақылау құрылғысы бөгде заттармен ластанған.	Жалынды бақылау құрылғысын тазалаңыз.
	Пісіретін өнім қатты қайнап, жалынды өшіріп тастады.	Конфорка тетігін өшіріңіз. Бір минут күтіп, конфорканы қайта тұтандырыңыз.
	Күшті ауа ағыны жалынды өшіруі мүмкін.	Конфорканы өшіріп, тезерені ашу сияқты ауа ағыны үшін пісіру аймағын тексеріңіз. Бір минут күтіп, конфорканы қайта тұтандырыңыз.
Сары жалын	Жалын үлестіргішіндегі саңылаулар бітелген.	Басқа газ пайдаланылған.
	Жалын үлестіргішін тазалаңыз.	Пайдаланылатын газды тексеріңіз.
Тұрақсыз жалын	Конфорка қақпағы қате орнатылған.	Конфорка қақпағын дұрыс орнатыңыз.
Газ иісі	Газдың шығуы	Өнімді пайдалануды тоқтатып, ортаңғы клапанды жабыңыз. Желдету үшін терезені ашыңыз. Сырттағы телефон арқылы біздің қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Егер мәселе шешілмесе, қызмет көрсету орталығымызға хабарласыңыз.

Тұтынушыларға қызмет көрсету

Егер құрылғыңызды жөндеу қажет болса, сатудан кейін қызмет көрсету жөніндегі орталығымыз сізге қызмет көрсетуге дайын. Біз әрдайым тиісті шешімді табамыз. Құрылғыны сатып алған жердегі дилермен байланысыңыз.

Номиналды кернеу: 220–240 В~

Номиналды жиілік: 50–60 Гц

Өндіруші: Уху Мидеа Смарт Китчен Эплайнс Мануфакчуринг Ко., Лтд.
Мекенжайы: 3-қабаттың батыс жағы, № 5 кеңсе ғимараты, қуат пен материалдардың жаңа өндірістік кластері, Фужоу көшесі, Ванцзян Цзянби жаңа өнеркәсіптік концентрация округі, Уху қаласы, Аньхой провинциясы, Қытай
Пошта индексі: 241000
Тел .: +86-757-26337806

Импорттаушы: ЖШС LG Electronics RUS, 143160, Ресей Федерациясы, Мәскеу облысы, Руз қалалық округі, Минск шоссесі аумағы, 86-километр, 9-үй
Тел .: +7-495-785-1313

Украинада импорттаушы: «Логин» шетелдіккомпаниясы, мекен-жайы:, Украина, Киев, 03113, Победы даңғылы, 62-В
Тел .: +38 (095)-153-68-25

Өндіруші ел: Қытай

Өндірген күн: Техникалық деректер бар белгіні қараңыз



1. Сақтау

Құрылғыны үй-жайлардан тыс немесе ауа-райы жағдайларының тікелей әсер етуіне ұшырайтын жерлерде сақтамаңыз (тікелей күн жарығы, жел, жаңбыр немесе ноль градустан төмен температура).

2. Тасымалдау

Бұйымды көліктің кез келген түрімен көліктің осы түріне қолданылатын жүк тасымалдау ережелеріне сәйкес тасымалдайды.

- Тасымалдау зақымдалу жоққа шығарылатын жағдайларда жүзеге асырылуы тиіс.
- Тиеу-түсіру жұмыстары кезінде бұйымды соққы жүктемелеріне ұшыратуға тыйым салынады.

3. Өткізу



Өнімді сату оның аумағында өткізу жүзеге асырылатын елдің қолданыстағы заңнамасымен белгіленген ережелерге сәйкес іске асырылады.

4. Кәдеге жарату

- Ескі электрондық бұйымдардың құрамында қауіпті заттар болуы мүмкін, сондықтан ескі жабдықты дұрыс кәдеге жарату қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін ықтимал жағымсыз салдарды болдырмауға көмектеседі. Ескі жабдықтың құрамында басқа бұйымдарды жөндеу үшін қайта пайдалануға болатын бөлшектер, сондай-ақ шектелген ресурстарды сақтап қалу үшін қайта өңдеуге болатын басқа да құнды материалдар болуы мүмкін.
- Ескі жабдықты кәдеге жарату туралы толығырақ ақпарат алу үшін тиісті қала қызметтеріне, кәдеге жарату пункттеріне немесе осы өнім сатып алынған дүкенге жүгінуіңізді өтінеміз.

ӨНІМНІҢ АНЫҚТАМА ПАРАҒЫ

(EU) No 66/2014

Сауда белгісі	LG Electronics	LG Electronics
Үлгі идентификаторы	HU641BAG2	HU641DAG2
Панелінің түрі	газ плитасы	газ плитасы
Пісіру аймақтарының жөне/ немесе аудандарының саны	4 қыздырғыштар 	4 қыздырғыштар 
Жылыту технологиясы	Газ	Газ
Әр газ қыздырғыштың энергия тұтыну тиімділігі (EE _{газ қыздырғыш})	қыздырғыш 2 : 55,0 % қыздырғыш 3 : 56,5 % қыздырғыш 4 : 56,5 %	қыздырғыш 2 : 52,0 % қыздырғыш 3 : 56,5 % қыздырғыш 4 : 56,5 %
Газ плитасының энергия тұтыну тиімділігі (EE _{газ плитасы})	56,0 %	55,0 %

ЕСТЕЛІК ЖАЗБА